

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 16-05/715 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің м.а. 2022 жылғы 28 шілдедегі № 240 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 16-05/715 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12013 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті туралы ереже осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын;

3) осы бұйрықтан туындастырылған түсініктерге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің
міндеттін атқарушы

A. Сапаров

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің
міндеттін атқарушының
2022 жылғы 28 шілдедегі
№ 240 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы
министрінің
міндеттін атқарушының
2015 жылғы 31 шілдедегі
№ 16-05/715 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) ветеринария және ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі салаларында басшылықты жүзеге асырады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мөрлері мен өзінің қазақ тілінде атауы жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитеттің, егер заңнамаға сәйкес оған уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 2-кіреберіс.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің міндеттері, құқықтары мен міндеттемелері

13. Міндеттері:

1) реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, сондай-ақ ветеринария және ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі салаларында стратегиялық функцияларды орындауға қатысу;

2) жануарларды аурулардан қорғау және емдеу;

3) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;

4) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жүқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;

6) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігі мен сапасын бақылау;

7) жануарлар аурулары диагностикасының, оларға қары күрестің және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралдары мен әдістерін әзірлеу және пайдалану;

8) жеке және занды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған орта ластаудың алдын алу және оны жою;

9) ветеринария ғылымын дамыту, ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларды даярлау және олардың біліктіліктерін арттыру.

14. Құқықтары мен міндеттемелері:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпаратты және материалдарды заннамада белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

2) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заннаманы қолдану жөнінде түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

3) Комитет қызметкерлерінің біліктілігі мен даярлығын арттыруды жүзеге асыру;

4) Еңбек кодексінде және мемлекеттік қызмет туралы заннамада көзделген жағдайда және тәртіппен жұмыскерлерді көтермелей, оларға тәртіптік жаза қолдану, жұмыскерлерді материалдық жауаптылықта тарту;

5) құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

6) Комитеттің құзыретіне кіретін қызмет саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

7) Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне орындауға міндетті нұсқаулар беру;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитеттің құқықтары мен мүддесін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

9) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларда өз құзыреті шегінде әкімшілік органдарға, лауазымды адамдарға жәрдем көрсету;

10) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын іске асырудан бас тарту;

11) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, арыздары мен шағымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарau;

12) жолданымдарды қабылдау және тіркеу, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу, формалды қателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік беру;

13) әкімшілік рәсімге қатысушыға оның әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

14) әкімшілік рәсімге қатысушыны өткізілетін тыңдау орны мен уақыты туралы күні бұрын хабардар ету;

15) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік рәсім бойынша шешім қабылдау алдында әкімшілік рәсімге қатысушыны тыңдау;

16) әкімшілік актіні Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімге қатысушының не оның өкілдерінің назарына жеткізу;

17) Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

18) Комитеттің аумақтық органдарының, сондай-ақ Комитеттің ведомстволық бағынысты үйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

19) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру

15. Функциялары:

1) ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі және ветеринария салаларда мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес ветеринария жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

4) ветеринария саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

5) жеке және занды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

6) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

7) профилактикасы, диагностикасы мен жойылуы бюджет қаржаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесін әзірлейді;

8) жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды жою жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды бекітеді, ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

9) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жүқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғауды ұйымдастырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық препараттарды және оларды сақтау, тасымалдау (жеткізу) және пайдалану жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринария саласындағы ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

12) ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

13) ветеринариялық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке занды тұлғаларды қайта даярлайды;

14) эпизоотиялық мониторинг жүргізеді;

15) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын, аспаптарды, құрал-саймандарды бақылауды, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізуді, тіркеу сынақтарынан өткізуді ұйымдастыруды және олардың мемлекеттік тіzlімдерін жүргізуді жүзеге асырады;

16) жаңа ветеринариялық препараттарға, жемшөп пен жемшөп қоспаларына қорытындылар береді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринария саласындағы халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді, сондай-ақ олармен ынтымақтастықты ұйымдастырады;

18) басқа елдердің ветеринариялық-санитариялық шараларының, егер бұл шаралар Қазақстан Республикасының аумағындағы салауаттылықтың тиісті деңгейін қамтамасыз ететін болса, баламалылығын таниды;

19) экспорттаушы елдің ғылыми негізdemесі жеткіліксіз болған жағдайда, халықаралық ұйымдардан алынған ақпаратты қоса алғанда, қолда бар тиісті ақпараттың негізінде уақытша ветеринариялық-санитариялық шараларды енгізеді;

20) ауру таралмаған немесе ауру аз таралған аумақты немесе оның бөліктерін айқындауды, осы аумақтардан экспортталатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады, импортталатын елге растауды береді және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда, оның өкілдерінің осы аумақтарда инспекция жүргізуге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

21) жеткілікті ғылыми негізdemеге негізделген және жануарлар мен адам өміріне және денсаулығына тигізетін салдарлары ескерілген, сондай-ақ халықаралық талаптарға сай келетін ветеринариялық нормативтерді әзірлейді;

22) ветеринария саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

23) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарайды, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындауды;

24) өнірлендіру, аумақты аймақтарға, компартментке бөлу тәртібін айқындауды;

25) аумақты компартментке бөлу туралы, өнірлендіру туралы шешім шығарады;

26) тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын келіседі;

27) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қалыптастыру, пайдалану және оларды есептен шығару тәртібі мен нормативін әзірлейді;

28) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын мемлекеттік сатып алушуды, сақтауды, пайдалануды және оларды есептен шығаруды ұйымдастырады;

29) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын пайдалану кезінде оларды есептен шығару, сондай-ақ оларды сақтау мерзімдері өткеннен кейін жою немесе зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша мақсатына қарай пайдалануға жарамсыз деп тану тәртібі мен нормативін әзірлейді;

30) Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

31) тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспорттына, импорттына және транзитіне рұқсат беру тәртібін өзірлейді;

32) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау жүргізу туралы және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің импорттына рұқсат беретін ұйымдарды айқындау туралы шешім шығарады;

33) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есепке алу нөмірлерін беру тәртібін өзірлейді;

34) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөпті және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есепке алу нөмірлерін беру және олардың тізілімін жүргізеді;

35) ұйымдарда ветеринария саласында пайдаланылатын жануарлар ауруларын қоздырушылары штаммдарының пайдаланылуына, тасымалдануына (жеткізілуіне), сақталуына және жойылуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

36) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидаларын өзірлейді;

37) ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұсынымдар мен әдістемелік нұсқауларды бекітеді;

38) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері туралы үлгі ережені өзірлейді;

39) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру тәртібін өзірлейді;

40) процесингтік орталықтың жұмыс істеу қағидаларын өзірлейді;

41) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін лазерлік станцияларды, бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидаларын өзірлейді;

42) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерек базасын қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидаларын өзірлейді;

43) жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтейді;

44) жеке және заңды тұлғаларға экспорттау, импорттау және транзиттеу еліндегі эпизоотиялық жағдай туралы ақпарат береді;

45) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды үйымдастыру тәртібін әзірлейді;

46) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) нормаларды, ветеринариялық есепке алу мен есептілік нысандарын әзірлейді;

47) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, ұсыну тәртібін әзірлейді;

48) жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді;

49) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (жануарларды сою), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді;

50) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді;

51) ветеринариялық құжаттарды беру тәртібін және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды әзірлейді;

52) жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларын әзірлейді;

53) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу тәртібін әзірлейді;

54) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттар өндіруді лицензиялауды жүзеге асырады;

55) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар желісінің мемлекеттік нормативін әзірлейді;

56) биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою тәртібін әзірлейді;

57) тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мониторингтің жоспарын бекітеді;

58) сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларын әзірлейді;

59) ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді;

60) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді;

61) жануарларды өткізу қағидаларын әзірлейді;

62) жануарларды карантиндеу қағидаларын әзірлейді;

63) дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу қағидаларын әзірлейді;

64) эпизоотиялық мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді;

65) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу және тіркеу сынақтарынан өткізу қағидаларын әзірлейді;

66) жануарларға қарау қағидаларын әзірлейді;

67) шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қафидаларын әзірлейді;

68) мемлекеттік органдардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу кезінде өзара іс-қимыл жасау қафидаларын әзірлейді;

69) диагностикалық зерттеулер жүргізу қафидаларын әзірлейді;

70) ветеринария саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама нысанын, сондай-ақ оны толтыру және шығару тәртібін әзірлейді;

71) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау үшін ветеринария саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесін әзірлейді;

72) өнірлер бөлінісінде ветеринария саласындағы нысаналы индикаторлардың жоспарлы мәндерін бекітеді;

73) микроорганизмдердің штамдарын депонирлеу, Микроорганизмдердің депонирленген штамдарының ұлттық коллекциясын жүргізу қафидаларын әзірлейді;

74) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізілімін жүргізу қафидаларын әзірлейді;

75) мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізілімін жүргізеді;

76) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде фото- және бейнетусірлімдер үшін техникалық құралдарды пайдалану қафидаларын әзірлейді;

77) ветеринариялық бақылау бекеттерін ұйымдастырады;

78) ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді;

79) ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды киім (погонсыз) ұлгілерін және оларды киіп журу тәртібін әзірлейді;

80) ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

81) ветеринария саласындағы нұсқамалар нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін әзірлейді;

82) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау туралы ережені әзірлейді;

83) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесін әзірлейді;

84) ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары және (немесе) антибиотиктері, гормондары және биологиялық стимуляторлары бар ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары серияларының (партияларының) ветеринариялық нормативтер талаптарына сәйкестігін айқындау тәртібін әзірлейді;

85) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының ветеринариялық нормативтер талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында олардың қауіпсіздігін мониторингтеуді жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

86) жеке және заңды тұлғаларға жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, тамақ өнімін, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіруге арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы келіседі;

87) ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

88) мыналарға:

Қазақстан Республикасының ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуына;

тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оларға ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

89) ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қафидалар мен нормативтерді, нормативтік құжаттарды, ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

90) Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет өндірілетін (дайындалатын) және алғаш рет әкелінетін (импортталатын) азық қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;

91) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (дайындауға), әкелуге (импорттауға), қолдануға және өткізуғе рұқсат етілген азық қоспаларының мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

92) ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті тамақ өнімдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ветеринариялық құжаттар береді;

93) ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою

процестерінің (сатыларының) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігіне ветеринариялық-санитариялық бақылауды мен қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

94) ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті қауіпті тамақ өнімдерін анықтау және өткізуге жол бермеу жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында ішкі сауда объектілеріне ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды және мониторингті жүзеге асырады;

95) тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) және айналымы процестерінде (сатыларында) ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

96) мыналарды:

тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу;

Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет өндірілетін (дайындалатын) және аумағына алғаш рет әкелінетін (импортталатын) жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеу тәртібін әзірлейді;

97) "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар береді;

98) ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті тамақ өнімдерін өндіру объектілеріне есептік нөмірлер беру және олардың тізілімін жүргізеді;

99) ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттаманың жобаларын келіседі;

100) тиісті саладағы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде тиісті салада мемлекеттік мүлікті басқару аясындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді;

101) респубикалық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

102) респубикалық мемлекеттік мекеме қызметінің нысанасы мен мақсатын айқындайды;

103) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға респубикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осында қызметті жүзеге асыратын респубикалық мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

104) респубикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда келіседі және бекітеді;

105) респубикалық заңды тұлғалар мүлкінің сақталуын және респубикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындауды бақылауды жүзеге асырады;

106) тиісті саладағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

107) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға респубикалық заңды тұлғаға берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

108) респубикалық заңды тұлғаларды басқаруды жүзеге асырады;

109) респубикалық мемлекеттік мекемелердің жарғысын (ережесін), оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

110) респубикалық заңды тұлғаның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

111) респубикалық мемлекеттік мекемені респубикалық бюджеттен қаржыландыру жоспарларын бекітеді;

112) респубикалық мемлекеттік мекеменің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

113) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша респубикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

114) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға респубикалық мемлекеттік кәсіпорынның өзіне бекітіп берілген мүлікті (өзі өндірген өнімді сатуын қоспағанда) иеліктен шығаруына немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуіне, филиалдарды (өкілдіктерді) құруына келісім беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

115) Қазақстан Республикасы акционері (қатысушысы) болып табылатын акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысу үлестерін және респубикалық меншіктегі стратегиялық объектілерді қоспағанда, респубикалық мемлекеттік мұлікті акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге не жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына беру туралы шешімді келіседі;

116) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

117) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз етеді;

118) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

119) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда хабардар болуын қамтамасыз етеді;

120) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері жөніндегі жолданымдарын қарайды;

121) көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылдайды;

122) мемлекеттік қызметтер көрсетеу, мүгедектермен қарым-қатынас жасау саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

123) мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпараттың, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын ішкі бақылау нәтижелері бойынша ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз етеді;

124) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасына бағалау жүргізу үшін ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде берілуін қамтамасыз етеді;

125) мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына реттелетін салада мемлекеттік қызметтер көрсетеу тәртібі туралы ақпарат береді;

126) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасына ішкі бақылау жүргізеді;

127) көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсетеу тәртібін айқындастырын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді сақтауын қамтамасыз етеді ;

128) электрондық ақпараттық ресурстардың толықтырылуын жүзеге асырады, олардың анықтығы мен өзектілігін қамтамасыз етеді;

129) ашық деректердің интернет-порталында қазақ және орыс тілдерінде ашық деректерді орналастырады;

130) бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеуге арналған тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына, тексеру парактарына қатысты актілердің кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп өзірлейді;

131) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындастырын тәртіппен Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының 2-тармағында көзделген, өзірленіп жатқан құжаттар мен нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қатысты реттеушілік әсерге талдау жүргізеді;

132) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы есептерді ұсынады;

133) реттелетін салада мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асырады;

134) ашық бюджеттердің интернет-порталында бюджеттік есептілікті, шоғырландырылған қаржылық есептілікті, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін орналастыруды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың жобаларға және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерге жария талқылау жүргізуді жүзеге асырады;

135) ашық нормативтік құқықтық актілер интернет- порталында заң жобалары тұжырымдамаларының және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын оларға түсіндірме жазбалармен және салыстырма кестелермен бірге (заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда) олар мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілгенге дейін жария талқылау үшін орналастыруды жүзеге асырады;

136) реттелетін салада біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, рұқсаттар мен хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келіседі;

137) Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен және Ресей Федерациясымен шекаралас аумақтарында автомобиль қатынасы шегінде агроОнеркәсіптік кешен өнімдерін мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүзеге асырылатын бақылау пункттерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

138) Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен және Ресей Федерациясымен шекаралас аумақтарындағы бақылау пункттерінде автомобиль қатынасы шегінде агроОнеркәсіптік кешен өнімдерін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

139) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітken қағидаларға сәйкес тиісті зертханалық практика қағидаттарын іске асырады;

140) тиісті зертханалық практика саласында нормативтік-әдістемелік базаны әзірлейді (әзірлеуге қатысады);

141) сәйкестігі міндетті растауға жататын өнім бойынша сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және зертханаларды құру, жаңғырту және жарақтандыру жөнінде ұсыныстар дайындауды;

142) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімдерінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) енгізу немесе алып тастау бойынша жұмысқа қатысады;

143) белгіленген құзырет шеңберінде тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуын Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалған тәртіппен мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

144) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тaraу. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады

17. Комитет басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Комитет басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет басшысының өкілеттіктері:

1) өз құзыреті шегінде бүйрықтарға қол қояды;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) басшылығына Комитеттің құрылымы мен штат саны жөнінде ұсыныстар береді;

3) Министрліктің аппарат басшысына Комитет төрағасының орынбасарларын лауазымға тағайындау туралы ұсынымдар енгізеді;

4) Комитет төрағасының орынбасарларынан басқа, Комитет жұмыскерлерін, аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларын, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын лауазымға тағайындейді және лауазымнан босатады;

5) Комитеттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

6) өз орынбасарларының, Комитет жұмыскерлерінің, аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларының, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларының лауазымдық міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды және бекітеді;

7) өз құзыреті шегінде Комитетте сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауаптылықта болады;

8) Комитет төрағасының орынбасарларынан басқа, Комитет жұмыскерлерін, аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларын, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет жұмыскерлерін, аумақтық бөлімшелердің басшылары мен олардың орынбасарларын, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеге, ұстемақы мен сыйлықақы төлеу мәселелерін шешеді;

10) Комитеттің аумақтық бөлімшесінің басшысы болмаған уақытта оның міндеттерін уақытша орындауды Комитеттің аумақтық бөлімшесі басшысының орынбасарына немесе басқа жұмыскеріне жүктейді;

11) Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының құрылымын бекітеді және штаттық кестесін келіседі;

12) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің құрылымы мен штат санын бекітеді;

13) реттелетін салада мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды;

14) аумақтық бөлімшелердің Комитетпен өзара іс-қимыл жасау құзыretі мен тәртібін айқындайды;

15) аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдар актілерінің толық немесе бір бөлігінің қолданысын жояды немесе тоқтата тұрады;

16) мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда сенімхатсыз Комитет атынан өкілдік етеді;

17) нысаналы бюджет қаражаты есебінен қаржыланатын объектілерді салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемелерді немесе жобалау-сметалық күжаттамаларды заңнамада белгіленген тәртіппен бекітеді;

18) Комитеттің заң, кадр және бухгалтерлік қызметтеріне жетекшілік етеді;

19) Қазақстан Республикасының заңдарына және Президенті актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитет басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің мүлкі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тaraу. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетін қайта үйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің қарамағындағы үйымдардың тізбесі

1. Республикалық мемлекеттік мекемелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық эпизоотияға қарсы отряд" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Ветеринариядығы ұлттық референттік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақкөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Аршалы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Астрахан аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Атбасар аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бұланды аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

7. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Егіндікөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

8. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ерейментау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

